

Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының тәртіптік кеңестері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. 1999 жылғы 10 наурыз N 218

"Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі мемлекеттік комиссиясының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 23 қарашадағы N 4154 орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері:

1) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі жұмысын бақылайтын және тексеретін консультативтік-кеңесші органдар - тәртіптік кеңестер құрсын;

2) тәртіптік кеңестер туралы ережелерді бекітсін және олардың құрамдарын қалыптастырсын;

3) тәртіптік кеңестердің қызметін ақпараттық-талдау, ұйымдық және материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету мәселелерін шешсін.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.02.08. N 206 қаулысымен .

2 . < * >

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ күшін жойды - ҚР Үкіметінің 2002.12.13. N 1311 қаулысымен.

3. "Облыстардың, Астана және Алматы қалалары әкімдерінің жанындағы тәртіптік кеңес туралы үлгі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 12 қарашадағы N 1547 қаулысының күші жойылған деп танылсын (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 48, 448-құжат).

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1 9 9 9

ж ы л ғ ы

1 0

н а у р ы з д а ғ ы

N

2 1 8

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Облыстың, Астана және Алматы қалаларының тәртіптік кеңестері туралы

Үлгі ереже

Осы Үлгі ереже облыстың, Астана және Алматы қалаларының тәртіптік кеңесінің мәртебесін, өкілеттіктерін, қызметінің ұйымдастырылуы мен тәртібін айқындайды.

1. Облыстардың Астана және Алматы қалаларының тәртіптік кеңесі (бұдан әрі - Кеңес) консультативтік-кеңесші орган болып табылады, оның жұмысын мемлекеттік тәртіпті нығайту, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы орындау мәселелерін қарайтын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі (бұдан әрі - Агенттік) бақылайды және тексереді.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2001.02.08. N 206 қаулысымен .

2. Кеңес өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кесімдеріне, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге, осы Үлгі ережеге сәйкес жүзеге асырады және заңдылық, объективтілік пен әділдік қағида ттарын басшылыққа алады.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2001.02.08. N 206 қаулысымен .

3. Кеңестің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) D және E санаттары тобындағы әкімшілік мемлекеттік қызметшілерді, қалалар, аудандар, аудандардағы қалалар және қалалардағы аудандар, селолар, селолық округтер, кенттер, ауылдар әкімдерін, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген лауазымды адамдарды, өзге де адамдарды және оларға теңестірілген адамдарды жергілікті атқарушы, құқық қорғау органдарында және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың бұзылуына жол берген өзге де ұйымдарда тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы ұсынымдарды тиісінше облыстың, Астана және Алматы қалаларының, өзге де әкімшілік-аумақтық бірліктер әкімдерінің, жергілікті атқарушы, құқық қорғау органдары мен өзге де ұйымдар басшыларының қарауына енгізу.

2) < * >

3) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің шегінде мемлекеттік тәртіпті нығайту осы тармақтың 1) тармақшасында санамаланған адамдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптарын сақтауы жөнінде әкімге және жергілікті атқарушы және құқық қорғау органдарының басшыларына арналған ұсыныстар әзірлеу;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңдарды, бұзу фактілері туралы азаматтардың арыздарын, бұқаралық ақпарат құралдарының хабарламаларын, сондай-ақ өзге де көздерден алынған ақпаратты қарау;

5) Агенттікке сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті ұйымдастырудың тиімділігін арттыруға, мемлекеттік тәртіпті нығайтуға және бағытталған ұсыныстар енгізу;

6) Агенттіктің тапсырмасы бойынша мемлекеттік қызметшілердің тәртіптік істерін қарау үшін тексерулер өткізу және материалдар дайындау.

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.02.08. N 206 қаулысымен .

4. Кеңесті әкім құрады, ол төрағадан және мәслихат депутаттары мен жергілікті жұртшылықтың беделді өкілдері болып табылатын 6 Кеңес мүшесінен тұрады.

Кеңес төрағасын Агенттік төрағасының келісімімен әкім қызметке тағайындайды және қызметтен босатады, ол облыс, Астана және Алматы қалалары әкімдерінің орынбасары лауазымына теңестіріледі.

Кеңестің хатшылығы - оның жұмысшы органы болып табылады, ол әкім аппараты қызметкерлерінің жалпы санының есебінен құрылады. Хатшылықтың санын Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі мемлекеттік комиссия төрағасының ұсынуы бойынша әкім белгілейді.

Хатшылық қызметкерлерін тиісті Кеңес төрағасының келісімімен әкім қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Кеңестің төрағасы мен Кеңес хатшылығының қызметкерлері мемлекеттік қызметшілер болып табылады.

Кеңес мүшелері өз міндеттерін қоғамдық негізде жүзеге асырады.

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.02.08. N 206 қаулысымен .

5 . Кеңес төрағасы :

1) әкімнің карауына Кеңестің жеке құрамы жөнінде ұсыныстар енгізеді, Кеңес хатшылығының аппаратын қалыптастырады;

2) Кеңес қызметіне басшылықты ұйымдастырады және жүзеге асырады;

3) Кеңес отырыстарының күн тәртіптерін белгілейді;

4) Кеңес отырыстарын шақырады және оларда төрағалық етеді. Кеңес төрағасы болмаған кезде оның тапсыруымен отырыстарда Кеңес мүшелерінің бірі төрағалық етеді ;

5) Кеңес мүшелерінің арасынан Кеңес отырысында қаралатын нақты мәселе бойынша баяндамашыны белгілейді;

6) Агенттіктің алдында кеңес жұмысының нәтижелері туралы, оның ішінде мемлекеттік қызметшілер жасаған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар бойынша қабылданған шаралар туралы ай сайын есеп беріп отырады;

7) жарты жылда бір рет Кеңес жұмысының нәтижелері туралы әкімді хабардар етеді ;

8) Кеңестің бекітуіне Агенттікпен келісілген өз жұмысының Регламентін ұсынады;

8-1) Агенттіктің мемлекеттік қызметшілер жасаған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылыққа қатысты мәселелер жөніндегі тапсырмаларын орындайды;

9) Қазақстан Республикасының заңдарымен берілген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады .

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.02.08. N 206 қаулысымен .

6 . Кеңес отырыстары :

1) егер оған Кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқанда заңды болып есептеледі ;

2) қажеттігіне қарай, бірақ екі айда бір реттен сиретпей өткізіледі;

3) ашық өткізіледі, қажет болған жағдайда, егер мәселелерді қарау мемлекеттік

құпияларға қатысты болса, Кеңес төрағасының шешімімен және Агенттікпен келісім бойынша жабық өткізілуі мүмкін.

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.02.08. N 206 қаулысымен .

7. Кеңес шешімдерді қатысып отырған Кеңес мүшелердің қарапайым көпшілік даусымен қабылдайды. Дауыс саны тең болған жағдайда төрағалық етушінің даусы шешуші болып табылады.

8. Кеңес өз құзыретінің шегінде:

1) өз отырыстарында жергілікті атқарушы және құқық қорғау органдарының, олардың бөлімшелерінің және мәслихаттар аппараттарының басшылары мен лауазымды адамдарын тыңдауға;

2) жергілікті атқарушы және аумақтық мемлекеттік органдардан, мәслихаттар аппараттарынан, сондай-ақ өзге де ұйымдардан өзінің алдында тұрған міндеттерді орындау үшін қажетті құжаттарды, материалдар мен ақпаратты сұратуға;

3) мемлекеттік қызметтегі немесе мемлекеттік функцияларды атқаратын тиісті лауазымды адамдардан ауызша және жазбаша түсініктемелер талап етуге;

4) жергілікті мемлекеттік органдардың, ұйымдардың басшыларынан лауазымды адамдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын бұзу фактілері бойынша тексерістер мен қызметтік тергеулерді өткізуді талап ету;

5) тексерулерге қатысу және қорытындылар беру үшін беделді, кәсіби даярлығы бар жергілікті жұртшылық өкілдерін, мемлекеттік органдар қызметкерлерін штаттан тыс инспекторлар, сарапшылар және мамандар ретінде тартуға құқылы;

6) Агенттіктің аумақтық органдарымен сыбайлас жемқорлық теріс қылықтарын қарау мәселелері жөнінде өзара іс-қимылды жүзеге асыру.

ЕСКЕРТУ. 8-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.02.08. N 206 қаулысымен .

9. Кеңес жергілікті атқарушы, құқық қорғау органдары мен өзге де ұйымдарда қалалар, аудандар, аудандардағы қалалар және қалалардағы аудандар, селолар, селолық округтер, кенттер, ауылдар әкімдеріне; D және E санаттары тобындағы әкімшілік мемлекеттік қызметшілерге, сондай-ақ лауазымды адамдарға мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген өзге де адамдарға және оларға теңестірілген адамдарға қатысты тәртіптік істерді қарайды.

ЕСКЕРТУ. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2001.02.08. N 206 қаулысымен .

10. Кеңес Агенттіктің тапсырмаларын, азаматтардың және заңды тұлғалардың арыздарын, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының хабарламаларын қараудың қорытындылары бойынша Кеңес мүшелерінің, Кеңес хатшылығы қызметкерлерінің тексеру жүргізу туралы шешім қабылдауы не оны жүргізудің қорытындылары туралы Кеңес алдында міндетті есеп беруді жүктеп, уәкілетті органға немесе лауазымды адамға тапсыруы мүмкін.

ЕСКЕРТУ. 10-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.02.08. N 206 қаулысымен .

11. Кеңес төрағасы қозғаған тәртіптік іс, ол іс жүргізуге қабылданған күннен бастап үш апта мерзім ішінде Кеңесте қаралуға тиіс.

Тәртіптік істі қозғауға және оны Кеңес отырысында қарауға дейін іске қатысты жағдайлар мен мәліметтерге алдын-ала екі апталық мерзімде тексеру жүргізіледі, тәртіптік жауапқа тартылып отырған адамнан жазбаша түсініктеме алынады, ал Кеңес отырысында тәртіптік істің қаралуы, әдетте, оның қатысуымен өтеді.

ЕСКЕРТУ. 11-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.02.08. N 206 қаулысымен .

12. Тәртіптік істі қараудың қорытындылары бойынша Кеңес мына шешімдердің біреуін шығаруы мүмкін:

- 1) әкімге, жергілікті атқарушы және құқық қорғау органдарының, мәслихат аппаратының басшысына лауазымды адамға тиісті тәртіптік жаза қолдануды ұсыну;
- 2) жергілікті атқарушы немесе құқық қорғау органының басшысын, сондай-ақ оның орынбасарларын тәртіптік жауапқа тарту туралы жоғары тұрған органға ұсыныс жасау, Агенттікті хабардар ету;
- 3) тәртіптік іс материалдарын, мәнісіне қарай шешім қабылдауы үшін, құзыретті мемлекеттік органның немесе лауазымды адамның қарауына жіберу;
- 4) тәртіптік істі тоқтату.

ЕСКЕРТУ. 12-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.02.08. N 206 қаулысымен .

13. Мемлекеттік қызметші әрекеттерінде қылмыс белгілері болған жағдайда, бұл қызметшіні белгіленген тәртіппен қылмыстық жауапқа тарту үшін, Кеңес тиісті құжаттар мен материалдарды облыстың, Астана және Алматы қалаларының прокурорына жібереді. Материалдар мен құжаттардың прокурорға жіберілгені туралы Кеңес Агенттікті хабардар етеді.

ЕСКЕРТУ. 13-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.02.08. N 206 қаулысымен .

14. Кеңес қабылдаған шешіммен келіспеген мемлекеттік қызметші және осы Ереженің 3-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген өзге де адамдар оған, қолданылып жүрген заңдарға сәйкес Агенттікке немесе сотқа шағымдануға құқылы.

ЕСКЕРТУ. 14-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.02.08. N 206 қаулысымен .

14-1. Мемлекеттік қызметші жасаған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы үшін оны тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы Кеңестің шешімімен келіспеген жағдайда, ол Агенттікке жазбаша түрде шағымдануға құқылы.

Мемлекеттік қызметшінің Кеңестің шешіміне шағымы ол келіп түскен сәттен бастап бір айлық мерзімде Агенттіктің қарауына жатады.

Мемлекеттік қызметшінің шағымын қарау нәтижелері бойынша Агенттік Кеңестің шешімін бұзады, не шешімді өзгеріссіз қалдырады.

ЕСКЕРТУ. 14-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2001.02.08. N 206 қаулысымен .

15. Кеңес қызметінің тәртібін, соның ішінде тәртіптік істерді қарау тәртібін тиісті Кеңестің Регламентінде белгіленеді.

16. Кеңестің және оның хатшылығының қызметін материалдық-техникалық, ұйымдық және ақпараттық-талдаулық қамтамасыз ету облыстың, Астана және Алматы қалаларының тиісті бюджетінің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ